

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС
НОРМАЛАРЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

АВТОМОБИЛЬ ТҰРАҚТАРЫ

СТОЯНКИ АВТОМОБИЛЕЙ

**ҚР ҚН 3.03-05-2014
СН РК 3.03-05-2014**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства
национальной экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Монолитстрой-2011» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «Монолитстрой-2011»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН (Ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года.

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	2
4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР.....	3
4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты	3
4.2 Функционалдық талаптар.....	4
5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	5
5.1 Жалпы талаптар.....	5
5.2 Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша қойылатын талаптар	5
5.3 Өрт қауіпсіздігі бойынша талаптар	6
5.4 Автотұрақтарды орналастыру.....	8
5.5 Көлемдік-жоспарлық және конструктивтік шешімдер	8
5.5.1 Көлемдік-жоспарлық және конструктивтік шешімдерге қойылатын талаптар	8
5.5.2 Өртүрлі типті автотұрақтарға қойылатын арнайы талаптар.....	9
5.6 Инженерлік жүйелер.....	10
5.6.1 Инженерлік жүйелерге қойылатын талаптар	10
5.6.2 Сумен қамту.....	11
5.6.3 Жылыту, желдету және түтінге қарсы қорғаныс	11
5.6.4 Электр техникалық құрылғылар, жарықтандыру	12
5.7 Тұрақтарды пайдалану бойынша талаптар.....	12
5.8 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділік.....	13
5.9 Қоршаған ортаны қорғау	13
6 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ	14

КІРІСПЕ

Осы құрылыс нормасы нормалаудың параметрлік әдісіне сәйкес Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы нормативтік базаны реформалау шегінде әзірленді.

Осы құрылыс нормасында:

- нормативтік талаптардың мақсаты;
- функционалдық талаптар;
- жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар бар.

Осы құрылыс нормасы ҚР ҚН «Автомобиль тұрақтары» «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің дәлелдемелік базасына кіретін нормативтік құжаттардың бірі болып табылады және құрылыс саласындағы техникалық кедергілерді жоюға бағытталған.

Осы құрылыс нормасын әзірлеген кезде конструктивтік элементтерге, инженерлік қондырғыларға, конструкциялар қауіпсіздігіне, ғимараттың өрт қауіпсіздігі мен пайдалануға, оларды елді мекендер аумақтарына орналастыруға және т. б. қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік-техникалық құжаттар пайдаланылды.

Осы құрылыс нормаларының талаптарын орындаудың қолайлы шешімдері ҚР ЕЖ 3.03-105-2014 «Автомобиль тұрақтары» келтірілген.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

АВТОМОБИЛЬ ТҰРАҚТАРЫ

СТОЯНКИ АВТОМОБИЛЕЙ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы құрылыс нормалары ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі бойынша, автомобиль тұрақтарын инженерлік қамтамасыз етуге, көлемдік-жоспарлық және конструктивтік шешімдеріне, елді мекендер аумағына орналастыруға қойылатын талаптарды белгілейді.

1.2 Осы нормалардың талаптары әртүрлі типті тұрақтарға (жер асты, жер үсті ашық және жабық типті, бір деңгейлі және көп деңгейлі, модульдік тез салынатын, гараждарға және т. б.), сондай-ақ ғимараттарға, құрылыстарға, автомобильдер тұрағына (сақтауға) арналған алаңдар мен жайларға таратылады.

1.3 Осы құрылыс нормаларының талаптары объектілерді жобалаудың, салудың және пайдаланудың барлық кезеңдерінде сақталуы тиіс.

1.4 Осы нормалар көлік құралдарын жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған гараждарға, сондай-ақ жарылғыш, улы, жұқпалы және радиоактивті заттарды тасымалдауға арналған арнайы мақсаттағы автомобиль тұрақтарына таралмайды.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін мынадай нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» № 212-III ҚРЗ Кодексі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 16.01.2009 ж. № 14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы № 796 қаулысымен бекітілген «Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптардың» техникалық регламенті.

Ресми басылым

ҚР ҚН 3.03-05-2014

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24.10.2012 ж. № 1355 қаулысымен бекітілген «Электр қондырғыларын орнату тәртібі».

ҚР ҚБҚ 1.01-01-2014 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Негізгі ережелер.

ҚР ҚН 2.02-02-2014 Ғимараттар мен құрылыстардың өрт автоматикасы.

ҚР ҚН 2.04-01-2011 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ҚН 2.04-02-2011 Шудан қорғау.

ҚР ҚН 3.01-03-2011 Өнеркәсіптік кәсіпорындардың бас жоспарлары.

ҚР ҚН 3.01-01-2013 Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ҚН 3.02-01-2011 Көп пәтерлі тұрғын ғимараттар.

ҚР ҚН 3.02-08-2013 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар.

ҚР ҚН 3.02-27-2013 Өндірістік ғимараттар.

ҚР ҚН 3.02-28-2011 Өнеркәсіптік кәсіпорындар имараттары.

ҚР ҚН 3.06-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың қимылы шектеулі топтар үшін қолжетімділігі.

ҚР ҚН 4.01-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ҚН 4.02-01-2011 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

Ескертпе - Осы ережелер жинағын пайдаланған кезде ағымдағы жылғы жағдай бойынша жыл сайын құрастырылатын «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесі», «Қазақстан Республикасындағы стандарттау бойынша нормативтік құжаттардың көрсеткіші» және «Мемлекетаралық нормативтік құжаттардың көрсеткіші» ақпараттық көрсеткіштер және ай сайын шығатын ақпараттық-бюллетень-журналға және ағымдағы жылы шыққан көрсеткіш бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылса (өзгерсе), онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз күшін жойса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысы жоқ бөлігіне қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құрылыс нормаларында ҚР ҚБҚ 1.01-01 бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Автотұрақ (автотұрақ, гараж-тұрақ, көлік қоятын орын): Тек жеңіл автомобильдерді сақтауға (қоюға) арналған ғимарат, құрылыс (ғимараттың, құрылыстың бір бөлігі) немесе арнайы ашық алаң.

3.2 Жартылай механикаландырылған көлік тұрағы бар автотұрақ: Автомобильдерді сақтау орнына тасымалдау жүргізушілердің қатысуымен арнайы механикаландырылған құрылыстарды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын автотұрақ.

3.3 Гараждар: Автомобильдерді сақтауға, жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған ғимараттар мен құрылыстар.

3.4 Гараж-тұрақтар: Жуатын жер, тексеру шұңқыры, эстакада сияқты қарапайым құрылыстардан басқа автомобильдерге техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге арналған қондырғылар жоқ автомобильдерді сақтауға немесе көлік қоюға арналған

ғимараттар мен құрылыстар. Гараж-тұрақтардың сырты толық немесе жартылай қоршалуы мүмкін.

3.5 Өрт дренчерлік суландырғыш: Өрті сөндіру мен оны оқшаулау мақсатында көбіктендіретін су ерітіндісінен бөлінген суды немесе ауа-механикалық көбікті алу мен оларды қорғалатын аумаққа таратуға арналған ашық шығаберіс саңылауы бар су немесе көбік өрт сөндіру құрылғысы.

3.6 Механикаландырылған автотұрақ: Автомобильдер сақтау орындарына (ұяшықтарына) арнайы механикаландырылған құрылғылармен (жүргізушілердің қатысуынсыз) тасымалданатын автотұрақ.

3.7 Ашық типті жерүсті автотұрағы: Сыртқы қабырға қоршауы жоқ автотұрақ, ол кемінде барынша ұзын қарсы екі жақтан ашық болады, бұл жғдайда, егер екі жағы бойынша бөлінген саңылаудың жалпы алаңы әрбір ярустағы (қабаттағы) осы жақтардың сыртқы бетінің кемінде 50 % құраса, ашық деп саналады.

3.8 Жабық типті жерүсті автотұрағы: Сыртқы қабырға қоршаулары бар автотұрақ.

3.9 Жазық автотұрақ: Автомобильдерді бір деңгейде ашық немесе жабық (жеке бокстарда немесе металл қалқаларда) сақтауға арналған арнайы алаң.

3.10 Жерасты автотұрағы: Үй-жайлардың еденін белгілеу кезінде биіктігі үй-жай биіктігінің жартысынан астамы жердің жобаланған белгісінен төмен барлық қабаттары бар автотұрақ.

3.11 Модульдік автотұрақ: Темірбетон плита тірегіне орнатылатын тез салынатын металл конструкция немесе тез салынатын іргетас, онда көлік қоятын орындар қабат-қабатпен оналастырылады.

3.12 Техникалық қызмет көрсету (ТҚ) және ағымдық жөндеу (АЖ) орындары: Жеңіл автокөлік иелерінің өзіне-өзі қызмет көрсетуге арналған құрылғылары (байқау шұңқырлары) бар жерлер.

3.13 Рампа (пантус): Автомобильдердің көп қабатты автотұрақтардағы деңгейлер арасымен жылжуға арналған еңіс конструкция, ол ашық, яғни жабыны және толығымен немесе жартылай қоршалған қабырғалары жоқ, сондай-ақ сыртқы ортадан оқшаулайтын қабырғалары мен жабыны бар сыртқы болуы мүмкін.

3.14 Жеңіл автокөліктерді тұрақты сақтау: Автотұрақтардағы нақты автокөлік құралдары иелеріне бекітілген машина орындарында автотөлік құралдарын ұзақ уақыт тәулік бойы сақтау.

3.15 Цокольдық қабат: Үй-жайлардың еденін белгілеу кезінде биіктігі үй-жай биіктігінің жартысынан астамы жердің жобаланған белгісінен төмен қабат.

4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР

4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты

Нормативтік талаптардың мақсаты – адамдардың өмірін, денсаулығын, мүлікті сақтау және қоршаған ортаны қорғау мақсатында энергетикалық тиімділікке және ресурс үнемдеуді ескере отырып, автомобильдерді қоюға арналған ғимараттардың, құрылыстардың, алаңдар мен үй-жайлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

4.2 Функционалдық талаптар

4.2.1 Автомобильдер қою үшін жобаланатын ғимараттарға, құрылыстарға, алаңдарға және үй-жайларға қойылатын негізгі функционалдық талаптар пайдалану қауіпсіздігі мен сақтауды қамтамасыз ету үшін жағдай жасау болып табылады.

4.2.2 Ғимараттардың, құрылыстардың және үй-жайлардың механикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көтергіш конструкцияларды жобалау кезінде әсерлердің өзіндік сандық шамалары мен қауіпсіздік коэффициенттері қолданылуы тиіс.

4.2.3 Автомобиль тұрақтарын салу кезінде технологиялық нормалар сақталуы және пайдалану кезінде ескерту және қорғау шаралары пайдаланылатын тұраққа қою жүйесінің техникалық ерекшеліктеріне сәйкес сақталуы тиіс.

4.2.4 Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында автомобиль тұрақтары өрттің ошағын ерте анықтау, адамдарға хабарлау, қауіпсіз эвакуациялау, өртті жою үшін жағдай жасауды ескере отырып, автоматты өрт сөндіру жүйесімен және сигнализациямен жабдықталуы керек.

4.2.5 Автомобиль тұрақтарын қалалық және ауылдық елді мекендерде орналастырған кезде, өрт қаупін төмендетуге ықпал ететін шаралар қарастырылуы тиіс.

4.2.6 Автомобиль тұрақтары елді мекендерде қоршаған ортаға кері әсерді мейлінше төмендету жөніндегі экологиялық талаптарды сақтай отырып орналастырылуы тиіс.

4.2.7 Тұрақтардың ғимараттары мен құрылыстары олардың қызмет мерзімінің ішінде ауаның құрамында ластағыш заттардың болуымен, жарықтандырумен, шумен және дірілмен байланысты қауіптердің адамның денсаулығына төнуіне жол берілмеуі, сондай-ақ санитарлық-гигиеналық және пайдалану талаптары ескеріле отырып жобалануы және салынуы тиіс.

4.2.8 Автомобиль тұрақтары мен іргелес аумақтар адамдардың, оның ішінде қозғалу мүмкіндігі шектеулі адамдардың мақсатына сәйкес жерлерге кедергісіз баруы үшін жағдайлардың жасалуы ескеріле отырып жобалануы және салынуы тиіс.

4.2.9 Автомобиль тұрақтарының ғимараттары мен құрылыстары, олардың жарықтандырылуы және желдету қондырғылары пайдаланылатын энергияның қажетті мөлшері климаттық жағдайлар ескеріле отырып, барынша төмен болатындай жобалануы және салынуы тиіс.

4.2.10 Жабық, жер асты, жер асты-жер үсті көп ярусты автотұрақтарды жобалау кезінде қоршау конструкцияларының отқа төзімділік шектері қабатаралық аражабындардың отқа төзімділік шектерінен кем болмауы тиіс, өрт шыққан кезде ауа тірелетін шахталарда жүк және жолаушылар лифтілерін қарастыру керек.

4.2.11 Ғимарат үй-жайына жапсарлас автомобиль тұрақтарында шу деңгейі Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құжаттарға сәйкес қамтамасыз етілуі тиіс.

4.2.12 Автомобиль тұрақтарын жобалау кезінде аумақты көгалдандыруға және көріктендіруге бағытталған іс-шаралар қарастырылуы керек.

5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Жалпы талаптар

5.1.1 Автомобиль тұрақтарына арналған ғимараттарды, құрылыстарды жобалау кезінде:

а) ғимараттар мен құрылыстардың параметрлерін қабаттылығы әртүрлі болған жағдайда, орналастыру нұсқаларының техникалық-экономикалық көрсеткіштері негізінде және энергия тиімділігі бойынша оңтайлы шешімдердің қамтамасыз етілуі ескеріле отырып қабылдау;

б) ғимараттар мен құрылыстардың көлемдік-жоспарлық шешімдерін сыртқы қоршау конструкциялары ауданының қысқартылуын ескере отырып қабылдау;

в) көлемдік-жоспарлық шешімдерді құрылыс конструкцияларына динамикалық және басқа да әсерлерді азайту қажеттілігін ескере отырып әзірлеу;

г) тұрақтың құрылыс алаңындағы инженерлік-геологиялық жағдайды және ғимараттар мен құрылыстар негізінің түрлерін, іргетас типін ескеру;

д) еден конструкцияларының көлемдік-жоспарлық шешімін әртүрлі ықпалдар әсері мен оларға арнайы талаптарды ескере отырып әзірлеу қажет.

5.1.2 Автомобиль тұрақтарының ғимараттары мен құрылыстарын құрылыс ауданының қала құрылысы, климаттық жағдайларын және қоршаған құрылыс сипатын ескере отырып жобалау керек.

5.1.3 Адамдардың автомобильдерді тұрғызуға (сақтауға) арналған ғимараттар мен құрылыстарда болуының қауіпсіздігі микроклиматтық жағдайлармен: ауаның құрамында шекті жол берілген шоғырдан жоғары зиянды заттардың болмауымен қамтамасыз етілуге тиіс.

5.1.4 Автотұрақтарды жобалау және орналастыру кезінде қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылыс салу жөніндегі талаптар ескерілуі керек.

5.2 Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша қойылатын талаптар

5.2.1 Сенімділік пен орнықтылық «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес ғимараттар мен құрылыстардың конструктивтік шешімдерімен қамтамасыз етіледі және автомобильдер тұрақтарына қойылатын талаптарға (отқа төзімділік, ішкі ортаның агрессиялық дәрежесі және т. б.), сондай-ақ құрылыс салу ауданына (климаттық жағдайлар, жүктемелер, тиісті материалдар мен конструкциялардың болуы және т. б.) байланысты.

5.2.2 Тұрақтардың ғимараттары мен құрылыстарының элементтері және негіздері көтергіш және қоршау конструкцияларының өз салмағынан артық салынатын үздіксіз жүктемелерге, сондай-ақ аталған құрылыс ауданы үшін қар мен жел жүктемелеріне төзімді болуы тиіс. Аталған жүктемелердің нормативтік мәндері, конструкциялардың шекті иілу және жылжу мәндері, сондай-ақ жүктемелер бойынша сенімділік

ҚР ҚН 3.03-05-2014

коэффициенттерінің мәндері тиісті нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес қабылдану керек.

5.2.3 Ұзақтығы үлкен тұрақтар ғимараттарында олардың көлемдік-жоспарлық шешімдеріне және құрылыс ауданының табиғи-климаттық жағдайларына қарай температуралық-ширау, шөгу немесе сейсмикаға қарсы жіктер қарастырылуы тиіс.

5.2.4 Автотұрақтар құрылыстары уақыт өте келе өзгертін жүктемелер мен әсерлер көрсеткіштері бүкіл есептік пайдалану мерзімінің ішінде конструкциялардың көтергіш қабілетіне әсер етпейтіндей, қоршаған ортаның әсерлері мен техникалық қызмет көрсету бойынша жоспарлық шаралар ескеріле отырып жобалануы тиіс.

5.2.5 Конструкциялардың ықтимал бұзылуын мыналардың есебінен шектеу немесе болдырмау керек:

а) конструкцияның жекелеген элементінің немесе белгілі бір бөлігінің тоқтап қалуы немесе кездейсоқ алынып тасталуы бүкіл құрылыстың толық тоқтап қалуына алып келмейтін жобалық шешімдерді пайдаланудың;

б) конструктивтік элементтерді сенімді жалғаудың;

в) тұрақтардың құрылыстары ұшырауы мүмкін қауіптерді болдырмаудың, жоюдың немесе азайтудың;

г) әлеуетті қауіптерге әсері аз конструктивтік нысандарды таңдаудың есебінен шектеу немесе жою қажет.

5.2.6 Конструкциялардың сенімділігі және ғимараттар мен құрылыстардың орнықтылығы:

а) белгіленген жобалау және есептеу, сондай-ақ құрылыс технологиясы нормаларын сақтаудың;

б) нормативтік құжаттардың талаптарына сай келетін құрылыс материалдарын пайдаланудың;

в) автотұрақтарды жобалау, дайындау, салу және пайдалану кезеңдерінде бақылауды ұйымдастыру есебінен қамтамасыз етілуі керек.

5.2.7 Автомобиль тұрақтарын жобалау кезінде қоршаған ортаның жағдайларын ескеру және оның құрылыс материалдары мен бұйымдарының ұзақ мерзімділігіне әсерін белгілеу қажет.

5.3 Өрт қауіпсіздігі бойынша талаптар

5.3.1 Автомобиль тұрақтарының өрт қауіпсіздігі «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар», «Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» техникалық регламенттер және басқа да қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сай болуы тиіс.

5.3.2 Ғимараттардың көлемдік-жоспарлық шешімдері үй-жайлардың функционалдық өрт қауіптілігін ескере отырып орындалуы тиіс. Бұл жағдайда ғимараттар есептік пайдалану жағдайында, сондай-ақ өрт қауіпі төнген кезде қауіпсіздік пен сенімділікті қамтамасыз етуі тиіс.

5.3.3 Құрылыс конструкцияларының отқа төзімділік дәрежесін және конструктивтік өрт қауіптілігі класын, жер асты, жабық және ашық жер үсті автотұрақтарының өрт сөндіру бөлігі шеңберіндегі қабаттардың жол берілген саны мен ауданын қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес қабылдау қажет.

5.3.4 Автоматты өрт сөндіру қондырғыларын және автоматты өрт сигнализациясын, сондай-ақ хабарлау жүйелерін ҚР ҚН 2.02-02 және басқа нормативтік құжаттарға сәйкес қарастыру керек.

5.3.5 Өрт сөндіру бөліктерінің ауданын және қабаттар санын ғимараттардың жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі санатына, отқа төзімділік дәрежесіне, конструктивтік және функционалдық өрт қауіптілігі класына қарай шектеу керек.

5.3.6 Жабық типті автотұрақтарда ҚР ҚН 4.02-01 сәйкес өрт шыққан жағдайда, түтін шығару құрылғысы қарастырылуы тиіс.

5.3.7 Автотұрақтардың өрт сөндіру бөлігінің әр қабатынан (механикаландырылған автотұрақтарды қоспағанда) адамдарды есептік уақыттың ішінде қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз ету үшін тікелей сыртқа, басқыш шабақтарына немесе 3-ші типті сатыға жан-жаққа орналастырылған эвакуациялық шығу жолдарының қажетті саны қарастырылуы тиіс.

5.3.8 Әр қабаттағы әрбір өрт сөндіру бөлігінен жабық рампаға немесе сыртқа кіру-шығу жолдары орналастырылуы тиіс.

5.3.9 Басқа функционалдық мақсаттағы ғимараттарға жапсарлас автотұрақтар осы ғимараттардан 1-ші типті өртке қарсы қабырғалармен бөлінуі тиіс.

5.3.10 Ф 1.3 класты ғимараттағы кіріктірме автотұрақты 2-ші типті өртке қарсы аражабынмен бөлуге жол беріледі, бұл жағдайда тұрғын қабат автотұрақта тұрғын емес (техникалық) қабатпен бөлінуі тиіс.

5.3.11 Ф 1.4 класты ғимаратта үй иесінің жеңіл автомашинасы сыятын автотұрақтарды кіріктірме (жапсарлас) өртке қарсы қоршаулармен бөлу реттеелмейді.

5.3.12 Автотұрақтар жүк лифтілерінің лифтілік шахталары есіктерінің отқа төзімділік шегі EI 60 болуы тиіс.

5.3.13 Өртке қарсы қоршаулар мен тамбур-шлюздердегі есіктер мен қақпалар өрт кезінде олардың автоматты жабылу құрылғыларымен жабдықталуы тиіс.

5.3.14 Ашық тұрақтардың барлық ғимараттарындағы баспалдақ торының конструкцияларында олардың отқа төзімділік дәрежесіне қарамастан, отқа төзімділік шегі мен өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптары бойынша отқа төзімділіктің II дәрежесіне сәйкес келетін оттың таралу шегі болуы тиіс.

5.3.15 Ашық типті автотұрақтарды жоспарлаған кезде жылжымалы өрт техникасы үшін сыртқа бөлінген келтеқұбырдағы айналма клапаны бар шығыршықталған құрғақ құбырлар қарастырылуы тиіс.

5.3.16 Автотұрақтарда қолданылатын автоматты өрт сөндіру мен сигнализация жүйелері нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келуі тиіс. Автоматты құрылғылар қондырғыларында өрт қауіпсіздігінің тиісті сертификаттары болуы тиіс.

5.3.17 Бокстық типтегі бір немесе екі қабатты автотұрақтарда әрбір бокстан тікелей сыртқа шығатын шығаберіске автоматты өрт сөндіру мен сигнализация қарастырмауға жол беріледі.

5.4 Автотұрақтарды орналастыру

5.4.1 Автомобиль тұрақтарын (бұдан әрі автотұрақтардың) қалалық және ауылдық елді мекендер аумақтарында орналастыруды, олардың жел телімдерінің өлшемдерін ҚР ҚН 3.01-01, ҚР ҚН 3.01-03, ҚР ҚН 3.02-28, ҚР ҚН 3.02-27, ҚР ҚН 3.02-01, ҚР ҚН 3.02-08 және осы нормалар талаптарын ескере отырып қарастыру керек.

5.4.2 Ашық және жабық автотұрақтарды қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес шаруашылық-ауыз су мақсатындағы санитарлық-қорғаныс аймақтарының 1, 2, 3 белдеулерінде, сондай-ақ өзендер мен су айдындарының күзет аймақтарында орналастыруға жол берілмейді.

Автотұрақтарды Ф 1.1, Ф 4.1 класты ғимараттардың астында орналастыруға жол берілмейді.

5.4.3 Автотұрақтардан басқа ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі арақашықтықты ҚР ҚН 3.01-01 және қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қабылдау қажет.

5.4.4 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарының автомобильдері үшін ҚР ҚН 3.06-01 сәйкес орындарды қарастыру керек.

5.4.5 Автотұрақтар жер телімдерінің өлшемдерін анықтаған кезде ҚР ҚН 3.01-01 сақтау қажет.

5.4.6 Табиғи сұйытылған және сұйытылған мұнай газымен жұмыс істейтін автомобильдерге арналған жабық типті автотұрақтарды өзге мақсаттағы ғимараттарға кіріктіруге және оларға жапсыруға, сондай-ақ жер деңгейінен төмен орналастыруға жол берілмейді.

5.4.7 Газ-баллон автомобильдерін сақтауға арналған үй-жайларды:

- а) автотұрақтардың астыңғы және жер асты қабаттарында;
- б) басқа мақсаттағы ғимараттарда орналастырылатын жабық типті жер үсті автотұрақтарда;
- в) рампарлары оқшауланбаған жабық типті жер үсті автотұрақтарында;
- г) автомобильдерді әр бокстан сыртқа тікелей шығатын жолдары жоқ бокстарда сақтаған кезде қарастыруға жол берілмейді.

5.5 Көлемдік-жоспарлық және конструктивтік шешімдер

5.5.1 Көлемдік-жоспарлық және конструктивтік шешімдерге қойылатын талаптар

5.5.1.1 Автотұрақтардың сыйымдылығы (машина орындарының саны) есептеу арқылы анықталу керек. Автотұрақ реконструкцияланған, жапсарланған немесе кіріктірілген жағдайда қолданыстағы ғимараттың ерекшеліктерін ескеру талап етіледі.

5.5.1.2 Әртүрлі функционалдық мақсаттағы ғимараттарда пайдаланылатын шатырда жаппасыз салынған ашық автомобиль тұрағы жер үсті қабаттарын есептеу кезінде ескерілмейді, жаппа орнатылған жағдайда – ол жер үсті қабаттарының қатарына кіреді және шығыршықталған құрғақ құбырларды орнатуды талап етеді.

5.5.1.3 Пайдаланылатын шатырдағы автотұрақтар эвакуациялық шығаберістермен қамтамасыз етілуі тиіс. Пайдаланылатын шатырда автомобильдерге арналған уақытша паналар орнатуға жол берілмейді.

5.5.1.4 Газ-баллон автомобильдерін, яғни қозғалтқыштары сұйытылған мұнай газбен – СМГ және компримирленген (сығылған) табиғи газбен (КТГ) жұмыс істейтін автомобильдерін сақтау көзделген автотұрақтарды жобалау кезінде осы ғимараттарға, үй-жайларға және құрылыстарға қойылатын қосымша талаптарды (отқа төзімділік шегі және конструктивтік өрт қауіптілігі класы бойынша) ескеру керек.

5.5.1.5 Автотұрақтарда мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін оларға қолжетімді болу шараларын қарастыру қажет. Жер үсті автотұрақтарда халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін ҚР ҚН 3.06-01 сәйкес автомобиль қоятын жерлерді бірінші жер үсті қабатында орналастырған жөн.

5.5.1.6 Барлық типті тұрақтардың көп қабатты ғимараттарында әр қабат еденінің еңістері, сондай-ақ траптар мен лотоктар сұйықтықтардың рампаға және төмен орналасқан қабаттарға түсуіне жол бермейтіндей қарастырылуы тиіс.

5.5.1.7 Жолаушылар лифтілері кабинасының өлшемі арба-креслоны пайдаланатын мүгедектерді тасымалдауды қамтамасыз етуі тиіс.

5.5.1.8 Автотұрақтың жер асты немесе жер үсті қабаттарының арасында ортақ оқшауланған рампаны орнатуға жол берілмейді.

5.5.1.9 Автомобильдерді сақтауға арналған үй-жайларда рампаға немесе шектес өрт бөлігіне шығу (кіру) жолдарында, сондай-ақ жабында (ол жерде автотұрақ орналастырылған жағдайда) өрт шыққан кезде отынның төгілу мүмкіндігіне жол бермейтін шаралар көзделуге тиіс.

5.5.1.10 Жер асты қабаттары екеу және одан жоғары жер асты автотұрақтарда жер асты қабаттардан басқыш шабақтарға қарай және лифт шахталарынан шығаберістер өрт кезінде ауа тірелетін қабат-қабаттық шлюз-тамбурлар арқылы орналастырылу керек.

5.5.1.11 Автотұрақ едендерінің жабыны мұнай өнімдерінің әсеріне шыдамды және үй-жайларды құрғақ (оның ішінде механикаландырылған) жинауға лайықталған болуға тиіс.

Рампалардың және олардағы жүргіншілер жолдарының жабыны сырғуға жол бермеу керек.

5.5.1.12 Автотұрақтар кіріктірме ғимараттар үй-жайларында шу деңгейі ҚР ҚН 2.04-02 сәйкес қамтамасыз етілуі тиіс.

5.5.1.13 Автомобильдер сақталатын үй-жайларда сауда үй-жайларын, жаймаларды, дүңгіршектерді, дүкендерді және т. б. орналастыруға жол берілмейді.

5.5.2 Өртүрлі типті автотұрақтарға қойылатын арнайы талаптар

5.5.2.1 Жеңіл автокөліктердің жер асты автотұрақтарында машина орындарын арақабырғалармен жеке бокстарға бөлуге жол берілмейді.

5.5.2.2 Жер асты автотұрақтарының шығатын және кіретін жолдарын (конструкциялар жаппасын қоса алғанда) Ф 1.1, Ф 1.3 және Ф 4.1 класты ғимараттардан ҚР ҚН 3.01-01 талаптарына сәйкес арақашықтықта орналастыру керек.

5.5.2.3 Жерасты автотұрақтардың едендерінде өрт сөндірген жағдайда, су бұруға арналған құрылғылар орналастырылуы тиіс. Суды жергілікті тазарту құрылыстарын орнатусыз нөсер канализациясының желісіне немесе құрылысқа бұруға жол беріледі.

5.5.2.4 Жерасты тұрақтарына кіретін және одан шығатын жолдар ҚР ҚН 3.01-01 сәйкес қабылдануы тиіс.

5.5.2.5 Жеңіл автокөліктерге арналған ашық типті жазық жер үсті автотұрақтардың қоршаулары, таратылған кіретін және шығатын жерлер, өрт сөндіру құралдары болу керек.

5.5.2.6 Ашық типті жер үсті автотұрақтарда желдетуге кедергі болатын бокстарды орнатуға, қабырғалар (басқыш шабақтардың қабырғаларын қоспағанда) мен арақабырғаларды салуға жол берілмейді.

5.5.2.7 Ашық типті автотұрақтарда бастапқы өрт сөндіру құралдарын сақтауға арналған жылытылатын үй-жай (бірінші қабатта) қарастырылу керек.

5.5.2.8 Үй-жайлардың, сақтау ұяшықтарының (орындарының) құрамы мен ауданы, механикаландырылған құрылғылары бар автотұрақтардың параметрлері қолданылатын автомобиль қою жүйесінің техникалық ерекшеліктеріне сәйкес қабылданады.

5.5.2.9 Механикаландырылған құрылғысы бар автотұрақтарды ғимараттар мен құрылыстар үшін автоматтандырылған өрт сөндіру және өрт сигнализациясы қондырғыларын жобалау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықтау қажет.

5.5.2.10 Автотұрақты бірнеше блоктардан құрастырған кезде механикаландырылған автотұрақтың әрбір блогына өрт сөндіретін машиналарға арналған кіретін жол мен өрт сөндіру бөлімшелері үшін автотұрақ блогының екі қарама-қарсы жағынан (шыныланған немесе ашық ойықтар арқылы) кез-келген қабатқа (ярусқа) кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілу керек.

5.5.2.11 Топырақ үйіп бекітілен автотұрақтан шығатын және кіретін жол мен желдету шахталардан өзге мақсаттағы ғимараттарға дейінгі арақашықтық қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарымен регламенттеледі.

5.5.2.12 Автотұрақтардың топырақ үйіп бекітілген жақтарынан ғимараттарға дейінгі ең төменгі арақашықтық лимиттелмейді.

5.6 Инженерлік жүйелер

5.6.1 Инженерлік жүйелерге қойылатын талаптар

5.6.1.1 Автотұрақтардың инженерлік жүйелері мен олардың инженерлік қондырғыларын (су құбыры, жылыту, осы құрылыс нормаларында арнайы ескертілген жағдайларды қоспағанда, ҚР ҚН 4.01-01, ҚР ҚН 4.02-01 талаптарын ескере отырып қарастыру қажет.

5.6.1.2 Автотұрақтарда желдету жүйелеріне қойылатын талаптар өрт қауіптілігі бойынша В категориясына жататын қойма ғимараттарына арналған көрсетілген құжаттар бойынша қабылдануға тиіс.

5.6.1.3 Автотұрақтардың көп қабатты ғимараттарында аражабындар арқылы өтетін инженерлік коммуникациялар учаскелері (су құбыры, канализация, жылумен жабдықтау) металл құбырлардан жасалу керек.

5.6.1.4 Өзге мақсаттағы ғимараттарға кіріктірілген немесе оларға жапсарланған автотұрақтардың инженерлік жүйелері сол ғимараттардың инженерлік жүйелерінен дербес болуы тиіс.

5.6.2 Сумен қамту

Екі және одан көп қабаттары бар жер асты автотұрақтарда ішкі өртке қарсы су құбыры мен автоматты өрт сөндіру қондырғыларының жылжымалы өрт техникасын қосу үшін вентильдермен және кері клапандармен жабдықталған жалғастырғыш бастары бар сыртқа шығарылған келтек құбырлары болуы тиіс.

5.6.3 Жылыту, желдету және түтінге қарсы қорғаныс

5.6.3.1 Шығуға әрдайым дайын болуға тиіс (өрт сөндіру, медициналық көмек көрсету, апаттық қызмет және т. б.) автомобильдерді сақтау үшін жылытылатын үй-жайлар қарастырылу керек.

5.6.3.2 Жабық типті автотұрақтарда автомобильдерді сақтауға арналған үй-жайларда нормативтік құжаттардың талаптарына қамтамасыз ете отырып, ассимиляция есебі бойынша зиянды газ шығарындыларын сұйылтуға және жоюға арналған сорып-тартатын желдеткіш қарастырылуға тиіс.

5.6.3.3 Жабық типті жылытылмайтын жер үсті автотұрақтарда механикалық жолмен іске қосылатын соратын желдеткішті тек қана сыртқы қоршауларда ойықтардан алшақ аймақтарда орнату қажет.

5.6.3.4 Соратын ауа өткізгіштерде олардың өртке қарсы бөгеттермен қиылысқан жерлерінде қалыпты ашылған өртке қарсы клапандар орнатылу керек.

5.6.3.5 Түтінге қарсы қорғау жүйелері өрт сигнализациясынан (немесе автоматты өрт сөндіру қондырғысынан), қашықтықтан – орталық өртке қарсы жүйелерді басқару пульттарынан, сондай-ақ автотұрақ қабатына кіреберісте, қабаттардағы басқыш шабақтарда (өрт крандарының шкафтарында) орнатылатын түймелерден немесе қолмен қосылатын механикалық құрылғылардан басқарылуға тиіс.

5.6.3.6 Түтінге қарсы қорғау жүйесінің элементтерін (желдеткіштер, шахталар, ауа өткізгіштер, түтін қабылдайтын құрылғылар және т. б.) ҚР ҚН 4.02-01 сәйкес қабылдау қажет.

Соратын түтінге қарсы желдету (оның ішінде түтіндік) жүйелеріндегі клапандардың нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес газ бен түтіннің өтуіне кедергісі бар болу керек.

5.6.3.7 Сорып-тартатын түтінге қарсы желдеткіштің негізгі параметрлерін анықтау кезінде төмендегі бастапқы мәліметтерді ескеру қажет:

а) жер үсті автотұрақта астыңғы типтік қабатта, ал жер асты автотұрақта – үстіңгі және астыңғы типтік қабаттарда өрттің пайда болуы (автомобильдің жануы немесе көмекші үй-жайлардың бірінде жалынның пайда болуы);

ҚР ҚН 3.03-05-2014

б) типтік қабаттың (ярустың) геометриялық сипаттамалары – пайдаланылатын аудан, ойықтылығы, қоршау конструкцияларының ауданы;

в) үлестік өрт жүктемесі;

г) эвакуациялық шығаберістер ойықтарының күйі (өрт шыққан қабаттан сыртқы шығаберістерге дейін ашық);

д) сыртқы ауа параметрлері.

5.6.4 Электр техникалық құрылғылар, жарықтандыру

5.6.4.1 Өртке қарсы құрылғыларды қуаттандыратын электр кабельдерді тікелей ғимараттың (құрылыстың) кіріспе қалқандарына жалғайды және олар бір уақытта басқа ток қабылдағыштарға жеткізу үшін қолданылмау керек.

Өртке қарсы қорғау жүйелерін қуаттандыратын кабель желілері сымдары мыстан жасалған отқа төзімді кабельдерден жасалуға тиіс және олар басқа электр қабылдағыштар үшін пайдаланылуы мүмкін емес.

5.6.4.2 Автомобильдерді сақтайтын үй-жайлардың жарықтандырылуы талаптарына ҚР ҚН 2.04-01 сәйкес қарастырылу керек.

5.6.4.3 Оңтайлы жарық көздерін таңдау кезіндегі жобалық шешімдер олардың электрлік, жарық техникалық, конструктивтік, пайдалану және экономикалық көрсеткіштерін ескеруі тиіс.

5.6.4.4 Апаттық (эвакуациялық) жарықтандыру желісіне төмендегідей жарық көрсеткіштері қосылу керек:

а) әрбір қабаттағы эвакуациялық шығаберістер;

б) автомобильдердің қозғалу жолдары;

в) өрт техникасын қосуға арналған жалғастырғыш бастарының орнатылған жерлері;

г) ішкі өрт крандары мен өрт сөндіргіштердің орналасқан жерлері;

д) сыртқы гидранттардың орналасқан жерлері (құрылыстың қасбетінде).

5.6.4.5 Автомобильдердің автотұрақтардың ішінде қозғалу жолдары жүргізушіге бағдар беретін көрсеткіштермен жабдықталуға тиіс.

Өрт техникасына арналған жалғастырғыш бастардың орналасқан жерлерінің, өрт крандары мен өрт сөндіргіштердің орналасқан жерлерінің жарық көрсеткіштері өрт автоматикасы жүйесі іске қосылған кезде автоматты түрде қосылу керек.

5.7 Тұрақтарды пайдалану бойынша талаптар

5.7.1 Тұрақтарды пайдаланған кезде нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес тиісті техникалық, технологиялық, санитарлық-гигиеналық жағдайды қамтамасыз етуі тиіс.

5.7.2 Тұрақтың әр қабатындағы шығаберістер түсінікті және анық көрінетін көрсеткіштердің көмегімен белгілену керек.

5.7.3 Автомобильдерді сақтауға арналған үй-жайлар мен рампалардың автотұрақта шылым шегуге тыйым салынатындығы туралы көрсеткіштері болу керек.

5.7.4 Автотұрақтарды пайдаланған кезде өртке қарсы қорғаныстың (өрт крандары мен гидранттар, өрт сөндірудің сорғы құрылғысы, өрт сигнализациясы, түтінге қарсы

қорғаныс жүйесі, өрт туралы адамдарға хабарлау, эвакуациялық шығаберістерді жабуға арналған құрылғы) инженерлік жүйесінің жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етуі тиіс.

5.8 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділік

5.8.1 Автомобильдер тұрақтарын жобалау кезінде әртүрлі категория мүгедектерінің психофизиологиялық мүмкіндіктері және олардың ғимаратта немесе үй-жайда болуы мүмкін жерлері ескерілуі керек.

5.8.2 Көру қабілеті кем мүгедектер үшін жалпы және жергілікті жарықтандыру қарастырылуға тиіс.

5.8.3 Автомобиль тұрақтарында халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарына қызмет көрсету және олардың болу жерлері үй-жайлардан, ғимараттар қабаттарынан сыртқа эвакуациялық шығаберістерден мейлінше қысқа арақашықтықта орналасу керек.

5.8.4 Жеке автотұрақтарда қызмет көрсету мекемелері ғимараттарының учаскесінде, олардың жанында немесе ішінде мүгедектердің көліктеріне арналған орындар бөлінуге тиіс. Бөлінетін орындар халықаралық практикада және ЖҚЕ (жол қозғалысы ережелерінде) қабылданған белгілермен тұрақтың жазықтығында көрсетілуге және тік жерде (қабырғада, бағанада, тіреуіште және т. б.) белгімен қайталанып көрсетілуге тиіс.

5.8.5 Жиікке параллельді орналасқан автомобиль қоятын жерлердің өлшемдері пандусты немесе көтергіш аспапты пайдалану үшін автомобильдің артқы бөлігіне қол жетімділікті қамтамасыз ету керек.

5.8.6 Көп деңгейлі паркингтердегі арба-кресломен қозғалатын мүгедектердің автомашиналарына арналған жерлер бірінші қабаттағы шығаберістің жанында немесе лифтілердің қасында орналасуға тиіс.

5.8.7 Кіріктіріме, оның ішінде жерасты автотұрақтарды жобалау кезінде олардың ғимараттың функционалдық қабаттарымен лифтілер, оның ішінде арба-креслодағы мүгедектердің олардың алып жүретін адамдарымен бірге жылжуына лайықталған лифтілер арқылы тікелей байланыста болу керектігі ескерілуі тиіс. Лифтілер және оларға кіреберістер арнайы белгілермен көрсетілу керек.

5.9 Қоршаған ортаны қорғау

5.9.1 Қоршаған ортаны қорғау мақсатында автомобиль тұрақтарын жобалау кезінде Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарын ескерген жөн.

5.9.2 Автомобиль тұрақтарына арналған ғимараттар мен құрылыстарды салу барысында төмендегілер ескерілуге тиіс:

а) тікелей әсерлер – объекті орналасқан аймақта жоспарланған қызметтің негізгі және ілеспе түрлері тікелей тигізетін әсерлер;

б) жанама әсерлер – объектіні пайдаланудың салдарынан пайда болатын және қайталама факторлар туындататын қоршаған ортаға тигізілетін әсерлер;

в) кумулятивтік әсерлер – объектіні пайдаланудың барысында жасалған, жасалып жатқан немесе негізді болжанатын әрекеттерден туындаған үздіксіз үдеуші өзгерістердің нәтижесінде пайда болатын әсерлер.

ҚР ҚН 3.03-05-2014

5.9.3 Автотұрақтарды жобалаған кезде сыйымдылығы орташа және үлкен тұрақтар аумағынан нөсер ағынын тазалау бойынша тазалау құрылыстарын салуды қарастыру қажет.

5.9.4 Автомобиль тұрақтарын жобалау кезінде қоршаған ортаға шекті жол берілетін жүктемелер ескерілуі, зиянды қалдықтармен ластанудың сенімді және тиімді шаралары қарастырылуы тиіс.

5.9.5 Автомобильдер тұрақтарына арналған ғимараттар мен құрылыстарды салу кезінде аумақты көгалдандыру мен көгалдандыру шаралары қарастырылуы тиіс.

5.9.6 Қала аумақтарының тұрғын құрылыстарын салу және реконструкциялау кезінде жоспарланған қоғамдық объектілер қызметкерлерінің автомобильдеріне арналған тұрақтар жерасты деңгейінде орналастырылуы керек.

5.9.7 Гараж-тұрақтар мен тұрақтардың аумақтары тұрмыстық қалдықтар мен пайдаланылған майларды бөлек жинайтын контейнерлерді орнатуға арналған алаңдармен жабдықталуға тиіс.

5.9.8 Тұрақта орналасқан үй-жайлардан ағатын шаруашылық-тұрмыстық және технологиялық ағын сулар қалалық шаруашылық-тұрмыстық канализация жүйесіне, ал ол болмаған жағдайда, кейіннен тазартылған ағын сулар су айдынында құйылатын жобаланатын тазарту құрылыстарына бұрылу керек.

5.9.9 Тұрақтарды салу алаңын таңдау кезінде орналастыру аймағындағы атмосфералық ауаның құрамында бар зиянды заттардың тиісті фондық концентрациялары ескерілуге тиіс.

5.9.10 Үй-жайлардың жергілікті және жалпы алмасатын желдету жүйелері атмосфераға шығаратын, құрамында зиянды (немесе жағымсыз иісі бар) заттары бар ауаны тазарту және атмосферадағы зиянды заттардың қалдықтық мөлшерлерінің атмосфералық ауа бойынша қолданыстағы гигиеналық нормативтермен белгіленген деңгейлерге дейін шашырауын қарастыру қажет.

5.9.11 Автотұрақтардың ғимараттары мен құрылыстарын жобалау және салу кезінде техногендік радиоактивті ластану мөлшерін және құрылыс конструкцияларының радиоактивтілігін ескеру керек. Бұл жағдайда радиациялық қауіпсіздік талаптарын қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес орындау қажет.

5.9.12 Автомобиль тұрақтарын ұйымдастыру кезінде экологиялық жасыл тұрақтардың салынуын жоспарлау керек.

6 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

6.1 Автомобиль тұрақтарының ғимараттары мен құрылыстары энергияны тиімді пайдалану бойынша талаптар ескеріле отырып жобалануы және салынуы тиіс.

6.2 Жобалау барысында тұрақтар объектілерінің энергия тиімділігін жылутехникалық жобалау нормаларының талаптарына және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес арттыру бойынша шешімдер мен шаралар кешені қарастырылу керек.

6.3 Автомобиль тұрақтарын жобалау кезінде пайдалану кезіндегі энергетикалық шығындардың азайтылуы және экологиялық қауіпсіздік қамтамасыз етілуі тиіс. Энергия

үнемдейтін конструкциялар және оларды жасау кезіндегі ресурс сыйымдылығының төмендеуі жаңа технологияларды пайдаланудың есебінен экологиялық қауіпсіз болу керек.

6.4 Тұрақтар энергия ресурстарының үнемделіп жұмсалуды ескеріле отырып пайдаланылуға тиіс.

6.5 Жылуды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін автотұрақ ғимараттарының қоршау конструкциялары энергия үнемдейтін материалдардан орындалуы тиіс.

6.6 Автотұрақ ғимараттарының энергетикалық тиімділігін жетілдіру кезінде климаттық және жергілікті жағдайларға, сондай-ақ үй-жайлардың ішіндегі климаттық жағдайларға көңіл бөлінуге және экономикалық тиімділік ескерілуге тиіс. Бұл шаралар ғимараттардың басқа техникалық талаптарына, сондай-ақ олардың көпшілікке қол жетімділігіне, қауіпсіздігіне және мақсатты пайдаланылуына әсер етпеу керек.

6.7 Автотұрақ аумағында ағаштарды электр беріліс желілерден, жаяу жолдардан және т. б. қауіпсіз қашықтықта отырғызу қажет.

6.8 Автотұрақтардың ландшафтық жоспарларында су, топырақ, биологиялық алуан-түрлі өсімдіктер, энергетикалық ресурстар сияқты табиғи ресурстардың, ауа сапасының және басқа да табиғи ресурстардың қоғам мүддесінде қисынды сақталуы қарастырылуға тиіс.

6.9 Автотұрақтар учаскелерінде суармалы суға қолжетімділікті қамтамасыз ету керек.

6.10 Автотұрақтар учаскесінің ландшафтын жобалау кезінде ландшафтың табиғи даму жағдайларын ескеру қажет.

6.11 Автотұрақтар учаскесінде ағаш отырғызу кезінде климаттық жағдайларды, топырақ типін, жауын-шашын мөлшерін, жел бағытын, өсімдіктерге қызмет көрсетуді ескеру керек.

6.12 Белгілі сыйымдылықтағы ұжымдық пайдаланылатын тұрақтарда автомобильдерді жууға арналған үй-жайларды салу кезінде судың қайта пайдаланылуы және сумен жабдықтаудың айналма жүйесі қарастырылуы тиіс.

Түйінді сөздер: гараждар, жеңіл автомобиль тұрақтары, жер асты автотұрақтар, жабық типті жер үсті автотұрақтар, құрылғылары механикаландырылған автотұрақтар, автомобильдерді сақтауға арналған үй-жайлар, орналастыру, инженерлік жүйелер, жылыту, желдету жүйелері, түтінге қарсы қорғаныс, автоматты өрт сөндіру.

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ	IV
1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ	1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ.....	1
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ.....	2
4 ЦЕЛЬ И ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ.....	3
4.1 Цель нормативных требований.....	3
4.2 Функциональные требования.....	4
5 ТРЕБОВАНИЯ К РАБОЧИМ ХАРАКТЕРИСТИКАМ	5
5.1 Общие требования.....	5
5.2 Требования по обеспечению надежности и устойчивости зданий и сооружений ...	5
5.3 Требования по пожарной безопасности	6
5.4 Размещение стоянок	8
5.5 Объемно-планировочные и конструктивные решения	8
5.5.1 Требования к объемно-планировочным и конструктивным решениям	8
5.5.2 Специальные требования к различным типам автостоянок	9
5.6 Инженерные системы.....	10
5.6.1 Требования к инженерным системам.....	10
5.6.2 Водоснабжение.....	11
5.6.3 Отопление, вентиляция и противодымная защита	11
5.6.4 Электротехнические устройства, освещение	12
5.7 Требования по эксплуатации стоянок	12
5.8 Доступность для маломобильных групп населения	13
5.9 Охрана окружающей среды.....	13
6 ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИЕ И РАЦИОНАЛЬНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ.....	14

ВВЕДЕНИЕ

